

"Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша есептеу сомасын есептеу қағидаларын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың есептемесі мен тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 22 қарашадағы № 94 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2025 жылғы 20 наурыздағы № 12 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 27 наурызда № 35858 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша есептеу сомасын есептеу қағидаларын, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың есептемесі мен тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2022 жылғы 22 қарашадағы № 94 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30796 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің есептемесі мен оларды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі мен 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 11-1-бабының 17-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің есептемесі мен оларды жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен, бекітілген Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша есептеу сомасын есептеу қағидалары, сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың есептемесі мен тәртібі осы қаулыға қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту  
Агенттігінің Басқармасының  
2025 жылғы 20 наурыздагы  
№ 12 Қаулыға  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2022 жылғы 22 қарашадагы  
№ 94 қаулысына  
қосымша

## Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің есептемесі мен оларды жүзеге асыру қағидалары

Осы Білім беру жинақтау сақтандыруы шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің есептемесі мен оларды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Тәртіп) "Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң ) 11-1-бабының 17-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру жинақтау сақтандыруы шарты (бұдан әрі – сақтандыру шарты) бойынша сақтандыру төлемдерінің есептемесі мен оларды жүзеге асыру қағидаларын белгілейді.

### 1-тaraу. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерінің есептемесі

1. Сақтандыру төлемі сақтандыру сыйлықақысы (жарналары), есептелген мемлекет сыйлықақысы, бастапқы білім беру капиталы және инвестициялық кіріс негізінде есептеледі.

2. Сақтандыру шарты бойынша мемлекет сыйлықақысын есептеу жыл сайын 1 қантардағы жағдай бойынша сақтандыру шарты бойынша есептеу сомасына жүзеге асырылады. Мемлекеттің сыйлықақысы Заңының 14-1-бабының 2-тармағына сәйкес сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде есептеледі.

Мемлекет сыйлықақысы үшін сақтандыру сыйлықақылары (сақтандыру жарналарын), бастапқы білім беру капиталы, инвестициялық кіріс, өткен кезеңдердегі есепке жазылған мемлекет сыйлықақылары ескере отырып, сақтандыру шарты бойынша қалыптастырылған сақтандыру резервін негізге алына отырып есептеу сомасы қабылданады.

## **2-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру қағидалары**

3. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемі пайда алушының шетелдік білім беру ұйымына тұсу жағдайын қоспағанда, Заңның 11-1-бабының 10, 12, 13, 13-1, 14-тармақтарына және 18-1-бабының 8-тармағына сәйкес қатысушы-білім беру ұйымына жүзеге асырылады.

4. Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына тұскен жағдайда, сақтандыру төлемі Заңның 11-1-бабының 11-тармағына сәйкес ақша сомасын банк шотына "эскроу-шот" режимінде аудару арқылы жүзеге асырылады.

5. Жасалатын сақтандыру шарттары бойынша іс жүргізуге арналған шығыстар және пайда алушының атына "эскроу-шот" режимінде банк шотын ашу шығыстары қатысушы-сақтандыру ұйымының қаражаты есебінен төленеді.

6. Сақтандыру төлемін қатысушы-сақтандыру ұйымы сақтанушының не пайда алушының өтініші негізінде немесе білім беру қызметтерін көрсету шартының көшірмесін қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда, оның заңды өкілінің өтініші негізінде жүзеге асырады.

7. Сақтандыру шарты арқылы білім беру қызметтеріне ақы төлеу сақтанушының немесе пайда алушының өтініші бойынша жүзеге асырылады. Білім беру қызметтерін көрсету шартының көшірмесін ұсынған кезде қатысушы-сақтандыру ұйымы бес жұмыс күні ішінде білім беру ұйымының банктік шотына сақтандыру төлемін аударады.

8. Пайда алушы шетелдік білім беру ұйымына келіп тұскен жағдайда, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған өтінішке мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі нотариат қуәландырған аудармасымен қоса оқуға тұскендігі туралы растайтын құжаттар (білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт, инвойс) қоса беріледі.

9. Қатысушы-сақтандыру ұйымы қатысушы-білім беру ұйымына аударған сақтандыру төлемінің сомасы академиялық кезеңдердегі, оқу жылы немесе бүкіл оқу мерзіміндегі оқу құнының сомасынан аспайды.

10. Сақтандыру төлемдері мөлшерінің оқыту құнынан асып кеткен сомасы Заңның 11-1-бабының 14-тармағына сәйкес сақтандырушыға, пайда алушыға не оның заңды өкіліне төленуге тиіс.

11. Заңның 11-1-бабының 11, 13, 13-1 және 15-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру шарты бойынша нысаналы мақсатын сақтамай сақтандырудың қорғау мерзімі өткен жағдайда, сақтандыру шарты сақтанушыға немесе

пайда алушыға сатып алу сомасы төлене отырып, мемлекет сыйлықақысы бюджетке, бастапқы білім беру капиталы Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі саласындағы операторға (бұдан әрі – оператор) қайтарыла отырып бұзылады.

12. Егер үш жыл ішінде оқудан шығарылған пайда алушы оқудан шығарылған қатысушы-білім беру үйіміна қайта алынбаса не басқа қатысушы-білім беру үйіміна окуға түспесе, онда қатысушы-сақтандыру үйімі сақтанушыға немесе пайда алушыға сатып алу сомасын төлеуді және мемлекеттің есептелген сыйлықақысының толық сомасын бюджетке қайтаруды жүзеге асырады.

13. Пайда алушы Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан жағдайда, сақтандыру шарты сақтанушыға немесе пайда алушыға сатып алу сомасы төлене отырып және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33245 болып тіркелген, бірлескен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы № 374 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Білім министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы № 243 бұйрығымен бекітілген Мемлекет сыйлықақысын есептеу әдістемесіне сәйкес есептелетін, білім беру қызметтеріне пайдаланылмаған мемлекеттің сыйлықақысы бюджетке және бастапқы білім беру капиталы ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекітетін Бастиңды білім беру капиталын есепке жазу, пайдалану, қайтару қағидаларында көзделген мөлшерде және тәртіппен Заңның 4-бабының 6) тармақшасына сәйкес операторға қайтарыла отырып бұзылады.

14. Сақтандыру шарты бұзылған кезде, бірақ ол жасалған сәттен бастап екі жылдан ерте емес мерзімде, қатысушы-сақтандыру үйімі мемлекет сыйлықақысын және бастапқы білім беру капиталын ескере отырып сатып алу сомасын басқа қатысушы-сақтандыру үйіміна не қатысушы-банкке аударады не сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасын төлейді және мемлекет сыйлықақысын бюджетке және бастапқы білім беру капиталын (бар болса) операторға қайтаруды жүзеге асырады.

Тәртіптің 12, 13, 14 және 15-тармақтарында айқындалған жағдайларда, білім алуға ақы төлеу мақсатында бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан нысаналы жинақтар есебінен қалыптастырылған сыйлықақылардың бір бөлігін қайтару Заңның 11-1-бабы 13-тармағының екінші бөлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

15. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3190 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы үйімдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі № 274 қаулысымен бекітілген Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру үйіміның өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидаларына, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйімі филиалының

Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттарына сәйкес айқындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК